

**Отырар ауданының Отырар, Шәуілдір, Талапты, Маяқұм, Темір, Көксарай, Қоғам, Қарғалы ауыл округтері аумақтарында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімінің 2016 жылғы 15 маусымдағы № 7 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 маусымда № 3760 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімінің 2016 жылғы 1 тамыздағы № 9 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімінің 01.08.2016 № 9 шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 48 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 " Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына және аудандық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының 2016 жылғы 15 маусымдағы № 4 хаттамасы негізінде, Отырар ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Отырар, Шәуілдір, Талапты, Маяқұм, Темір, Көксарай, Қоғам, Қарғалы ауыл округтерінің аумақтарында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын

2. "Отырар ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің Отырар ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын ;

2) осы шешімнің Отырар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә.Жүнісовке жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК